

Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында зейнетақы активтерінің қатысуымен сатып алу-сату мәмілелерін жүргізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 24 маусым N 352 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 853. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Ескерту: Қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылғы 30 маусымдағы N 633 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-1 заңының 1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын және 32-бабының 2-тармақшасының негізінде жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерін салымшыларының (алушыларының) құқықтары мен мүдделерін қорғау және бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында зейнетақы активтерінің қатысуымен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы жасайтын сатып алу-сату мәмілелеріне бақылау жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында зейнетақы активтерінің қатысуымен мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерінің үзіліссіз қарама-қарсы аукцион әдісімен жасалатындығы белгіленсін.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 2001 жылғы 19 қазандағы N 410 қаулысымен.

1-1. Зейнетақы активтерінің қатысуымен жасалған "кері репо" мәмілелерінің 30 күннен аспайтын мерзімге жасалатындығы белгіленсін.

1 - 2 . < * >

Ескерту: 1-2-тармақ алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 2001 жылғы 19 қазандағы N 410 қаулысымен.

2. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Заң басқармасы осы Қаулыны мемлекеттік тіркеу мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, кастодиан-банктердің және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы